

2022-2023 оқу жылында 1 қыркүйек – Білім күніне 1-11 класстар арасында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», « Стремление к знаниям, трудолюбие и патриотизм» атты тақырыбында 1-11 класс оқушыларымен салтанатты жиын болып өтті. 1 қыркүйек — бірінші класс оқушылары үшін ерекше мереке. Биыл мектеп табалдырығын 1 класс бойынша 77 оқушы қадам басты. Шақырылған қонақтар: Қорғалжын аудан әкімінің орынбасары Мухамедди Ғабды-Сабыр, «Балауса» балабақшасының меңгерушісі Баймуханова Заря Қайратқызы. Салтанатты іс-шара мектеп директоры Н.Тәжиннің құттықтау сөзімен ашылды. 2022 жыл «Балалар жылы» деп жариялағандықтан, жаңа оқу жылында заман сұранысына сай жан-жақты, креативті ойлай алатын ұстаздарымыз бен оқуға деген ынта-жігері мол шәкірттеріміз көп болсын!



Білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», « Стремление к знаниям, трудолюбие и патриотизм». атты тақырыбында 1-11 класс оқушылары арасында класс сағаттар өткізілді.



Мектепшілік сап түзеуде оқушылар. Білім алушыларды мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды.

Тілім менің тірлігімнің айғағы» ҚР Тілдер күні мерекесіне байланысты апталық орай. ( жоспар бойынша )Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай іс-шара өтті. Ұлы ағартушы және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың150 жылдығына бастауыш кластар арасында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. 150 жыл бұрын мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясын құрушылардың бірі, ғалым, ақын және қазақ лингвистикасының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келді. Ахмет Байтұрсынов-қазақ халқының бақытты болашағы үшін өз өмірін қиған ақын, түркітанушы ғалым, аудармашы, педагог, публицист және өз Отанының нағыз патриоты! Ол - қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Тәрбие сағаты барысында оқушылар Қазақстан тарихында өшпес із қалдырған адамның өмірі мен қызметімен танысты.Өткізген: Н.Байкадамова, А.Каппасова, Ж.Өнербек, А.Байтурова, А.Туребаева



Өзін өзі басқару ұйымы жұмысымен ережесімен класс жетекешілерді таныстыру Отырыс өтті.

6-8 кластар арасында "Отан-отбасыдан басталады" атты отбасы күніне орай сурет байқауы өткізілді. Отбасы-адамзат баласының дүниеге шыр етіп келгенде, есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп ержететін, тәрбие алатын аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Қай заманда, қай елде болмаса да отбасының адамзат ұрпағына ықпал мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсені еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбиелеушілік міндеті, оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі – баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын сіңдіру, үлкен ұрпақтың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңірту, яғни балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру әке-шешенің ең маңызды міндеті. Қазақтың әр отбасының керегесі кең, шаңырағы берік, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!



Спорт - денсаулық кепілі. Денсаулықтың кепілі тән мен ардың тазалығы. Спорт деген ұғым тек спортшылардың ғана емес, күллі адамзаттың өмірінде орын алуы шарт. Бірінші байлық- денсаулық, ал сол денсаулықтың кепілі- спорт. Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының дүниежүзілік денсаулық күніне арналған спорттық іс-шарасы орталық «Дәурен» стадионында өткізілді. Іс-шараға мектептің мұғалімдері мен оқушылары қатысты. Балалар әр сайысқа белсене қатысып, өздерінің спорттық деңгейлерін көрсетті. Мақсаты: Спорт пен денсаулық тығыз байланыста екенін түсіндіру. Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту. Ұйымдастырған: денешынықтыру пәнінің мұғалімдері.



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханашысы Г.Жалысова және класс жетекшісі А.Рыспаева 3"а" класс оқушыларына "Мен оқуға құштармын!" атты бейнеролик ұйымдастырды.. Бейнероликтің мақсаты: оқушыларды оқуға баулу ,бос уақытында кітап көп оқу. Балаларға көрсетілім ұнады, қызықтырды.



Электронды темекі мен энергетикалық сусындарға «Жоқ» деңіз!Электрондық темекі қазіргі уақытта, әсіресе жасөспірімдер арасында үлкен танымалдылыққа ие болды.Жасөспірім кезіндегі темекі шегуді бүгінде барлық жерде көруге болады.Никотинді үнемі қолдану, тіпті аз мөлшерде болса да, ауыр ауруларға әкеледі.Жасөспірімдердің электронды темекі мен энергетикалық сусындардың зияны туралы хабардарлығын арттыру мақсатында Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында әлеуметтік педагог және мектеп аға-тәлімгері 11 кластар арасында класс сағатын өткізді.



"Қарттарым—асыл қазынам!" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап, тыңдай білуге, халқының салт-дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу. Өткізген: 5"а"класының класс жетекшісі Уткельбаева А.М.



Пікірталас – кез-келген бала үшін қарым-қатынастағы олқылықтарды толтырудың, өз көзқарасын қалыптастырудың бірегей мүмкіндігі. Оқушыларға пікірсайыс жүргізу бірқатар себептер бойынша маңызды, олардың ішіндегі ең маңыздысы қазіргі әлемде біздің балаларымызға қажетті дағдылар мен дағдыларды дамыту қажеттілігі болып табылады. Осы орайда, бүгін, ағымдағы жылдың 26 қыркүйегінде, 8-9 кластар арасында бекітілген «Болашақ жастары» дебат клубының дөңгелек столы.



“Ұстаздар күніне” орай “Дублер күні”, яғни білім алушылардың өзін-өзі басқару күні өткізілді.Дублер күнінің мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру,

тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. Оқушылардың белсенді қоғамдық өмірге және мектепті басқаруға тарту, шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шара 9 - 11 класс оқушыларының мектеп әкімшілігі мен мұғалім рөлін сомдау арқылы мәртебелі мамандыққа деген сүйіспеншіліктерін ашуды көздеді. Балалар әр сабаққа ат салыса дайындалып, үзіліс уақытында, мектеп мұғалімдеріне тренинг және шағын ойын жүргізді. Бұл күн мектеп үшін әсерлі өтті.



05.10.2022ж. күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында мұғалімдерді «Ұстаздар күнімен» құттықтау үшін салтанатты жиын өткізілді.

Оқушылар өз тілектерін арнап, ән айтып, би биледі. Мұғалімдер риза болып, балалар мен мектеп әкімшілігіне алғыстарын айтып, өздеріне арналған құттықтаулардан керемет әсер алған ұстаздар ерекше күйге бөленді.



«Мейірім» еріктілер тобы бар. Бұл топ көмекке мұқтаж қарт адамдарға күз және қыс мезгілінде қар күреуге, ағаш жаруға, үй шаруашылығына көмектесіп, белсенді жұмыстар атқарады. 6 қазан күні 9 класс оқушыларымен, аға-тәлімгер А.Бимолдина мектебіміздің ардагер - ұстазы Ерік Теңкейұлының ауласын жинап, жер қазып, көмек қолын созды. Ардагер оқушыларға шексіз алғысын білдіріп, ақ батасын берді. Әрқашан көмек қолын созуға дайынбыз!!!



Қорғалжын аудандық «Жастар» облыстық оқушылар спартакиадасының бағдарламасына сәйкес, балалар жылына орай өткізілген «Былғары доп» футбол жарысынан Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы I-орынға ие болды. Жарысқа аудан бойынша 7 команда қатысты. Ойын өте тартысты өтті. Жетекшілері: денешынықтыру пәнінің мұғалімдері М.Жакенов, Ж.Әубәкір.



«Жастар-2023» облыстық оқушылар спартакиадасының бағдарламасына сәйкес, «Балалар жылына» орай, аумақ бойынша аудандармен 5-6 кластар арасында футбол ойынынан жарыс өткізілді. Жарысқа 5 команда қатысты. Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының оқушылары 2-орынды иеленіп, облыстық жарысқа жолдама алды. Ойын өте тартысты өтті. Жетекшісі: денешынықтыру пәнінің мұғалімдері М.Жакенов, Ж.Әубәкір.



14.10.2022 оқу жылында Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы оқушылардың білімдерін кеңейту, күз мезгілінің берекелі екенін айтып, түсінік беру, күз мезгілінің ғажайыптарын сезініп, ойлау қабілетін дамыту, оқушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында 1-4 кластар арасында «Аяулы күз, алтын күз!» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Өткізген: бастауыш класс жетекшілері.



14 күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы оқушылардың білімдерін кеңейту, күз мезгілінің берекелі екенін айтып, түсінік беру, күз мезгілінің ғажайыптарын сезініп, ойлау қабілетін дамыту, оқушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында 5-7 кластар арасында «Аяулы күз, алтын күз!» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Өткізген: 5-7 класс жетекшілері.



14 қазан күні 8-11 кластар арасында «Алтын күз» кеші өтті. Әр класқа 3 кезеңнен тұратын тапсырмалар берілді. «Күзгі композиция», «күзгі дефиле» және «күзгі мюзикл». Ең үздік ханзада мен ханшайымды таңдау барысында қызықты ойындар, көңілді би жарыстары өткізілді. Кеш соңында кластар номинациялармен марапатталды. Ханзада мен ханшайым атағына ие болған оқушыларға концертке билеттер табыс етілді. Өткізген: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова.



26 күні Көкшетау қаласында мектеп парламентінің үздік президентіне арналған «Көш көсемі – 2022» облыстық байқауына, 27 күні мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару органдары және балалар ұйымдарының көшбасшылары арасындағы «Мен– елімнің ертеңімін!» облыстық форумына Қорғалжын ауданының атынан Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының 10 «а» класс оқушысы Мирахманова Жанель қатысты. Форум соңында Жанель сертификаттармен және сыйлықтармен марапатталды.

Жетекшісі: мектеп аға-тәлімгері А.Бимолдина.



27-сі күні Шалқар ауылының ЖОББМ аясында «Оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын жүзеге асыру мақсатында, мектеп оқушылары арасында аудандық пікір-сайыс турнирі өтті. Турнирге аудан бойынша 10 мектептен 12 команда қатысты. Әр қатысқан оқушыға сертификат, ал жетекшілеріне алғыс хаттар табысталды. Орыс лигалары арасында "Бас жүлдені" Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы иеленіп, облыстық турнирге жолдама алды. Жетекшісі: дебат клубының жетекшісі Г.Абсағиева.



5-11 кластары арасында "Күзгі каникулдағы қауіпсіздік ережелері" тақырыбында тәрбие сағаттары WhatsApp желісі арқылы онлайн форматта өтті. Мақсаты: балалардың үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережелерін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту, қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету.

Өткізген: 5-11 класс жетекшілері.



Ағымдағы жылдың 3-4 қараша күндері Маурер Э., Талғат Н. облыстық дебат турниріне қатысты. Өз көзқарастарын дәлелді түрде нақтылап, қорытындыларын тиімді шеше алды. Сөз жарысы кезеңінде олардың сыни тұрғыдан ойлары дамып, азаматтық белсенділігі және шығармашылық ойлау қабілеттері шыңдалды.



Ақмола облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті өкілдерінің ұйымдастыруымен " **Зорлық – зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады** " тақырыбында Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының ұстаздары және оқушыларымен лекция өткізілді.



10 күні 9-11 класс оқушылары арасында Қорғалжын аудандық "Жастар" спартакиадасының бағдарламасына сәйкес, "Балалар жылына" орай шахмат және үстел теннисі жарысы ұйымдастырылды. Жарыс А.Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде өткізілді. Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы шахмат ойынынан 2-орынға, үстел теннисі жарысынан 3-орынға ие болды. Жетекшісі: денешынықтыру пәнінің мұғалімдері Д.Мусин, Д.Сайлаубек.



Шоқан Уалиханов атындағы орта мектеп аясында өткен "Жас тарихшылар мен өлкетанушылар" аудандық форумында "Археология" номинациясы бойынша Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының 9 класс оқушысы Болат Аңсар 1-орынға ие болып облыстық байқауға жолдама алды. 2-орынға 8 класс оқушысы Зейнуллина Айсана ие болды. "Өлкетанулық туризм" бойынша 3-орынға ие болған 8 класс оқушысы Талған Назира және 9 класс оқушылары Балташ Асанхайырхан және Садыкова Жансая 2-орынды иеленді. Жеңімпаздар мадақтамамен, қатысушылар алғыс хатпен марапатталды.



« **Жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу бойынша дәрістер ұйымдастырылды** тақырыбында әлеуметтік педагог тарапынан әңгіме жүргізілді. Өткізген: әлеуметтік педагог Г.Абсағиева.



6-8 кластар арасында 15 қараша –Қазақстанның Ұлттық валютасы төл теңгеміз айналысқа енгізілген күніне байланысты класс сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушыларды ұлттық теңгенің шығу тарихымен таныстыру; Еліміздің рәміздерін қастерлеуге баули отырып, ұлттық теңгемізді құрметтеуге тәрбиелеу; Оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Сабақ барысында оқушылар төл теңгеміздің алғаш пайда болу тарихы түрленуі мен өзгеруімен танысты. Болашақта экономикамыздың нығаюымен ұлттық валютамыз әлемде өз орының орнықты алады деп сенеміз.Өткізген: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова, әлеуметтік педагог Г.Абсағиева.



17-сі күні Амангелді жалпы орта білім беру мектебінде « [Жалпыадамзаттық Құндылықтар Күнін](#) » орай шахмат және үстел теннисі ойындарынан 5-7 класс оқушылары арасында жарыс өткізілді. Жарыс қорытындысы бойынша Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының оқушылары үстел теннисі ойыны бойынша 2 орынды иеленді. Жетекшісі: денешынықтыру пәнінің мұғалімі Д.Мусин.



Қорғалжын мектеп гимназиясында «Намыс» спартакиадасының бағдарламасына сәйкес, «Балалар жылының» аясында «Мерген» пневматикалық винтовкасынан атыс бойынша 2005-2008 жылы туылған оқушылар арасында жарыс өткізілді. Жарыстың мақсаты: Жоғары патриоттық сананы, өз отанына деген адалдық сезімін қалыптастыру; Жарысқа Қорғалжын мектеп гимназиясы, Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі, Арықты жалпы орта білім беру мектебі, Амангелді жалпы орта білім беру мектебі, Жантеке жалпы орта білім беру мектебі, Шалқар жалпы орта білім беру мектебі, Кеңбидайық жалпы орта білім беру мектебі және Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта білім беру мектебінің оқушыларынан құрылған командалар қатысты.Аталмыш іс-шарада аудандық білім бөлімінің әдіскері О.Мұсай, Қорғалжын мектеп гимназиясы директоры Н.Тәжин сөз сөйлеп, оқушыларға сәттілік тіледі. Жарыс өте жақсы деңгейде, тартысты өтті. Белсенді қатысқан оқушыларға марапат берілді. Жүлделі орындар әр командадан жарысқа қатысушылардың жинаған ұпай сандары бойынша анықталды. Нәтижесінде: «Мерген» жарысында I орынды Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы иеленді. Бас



жүлде алған мектеп облысқа жолдама алды. Олар 29-қараша Атбасар ауданында өтетін жарыста ауданымыздың намысын қорғайды.



Жетекшісі: директордың әскери-патриоттық орынбасары А.Алибаев.  
«Ел ертеңін ойлаған Елбасы» бірыңғай тәрбие сағаты 1-11 класс өтті.



Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының 9 класс оқушыларымен **Ұлттық тәрбиенің қыздар мен ұлдар тәрбиесіндегі маңыздылығы сабақ лекция** тақырыбында сұхбаттасу жүргізілді. Өткізген: мектеп тәлімгері А.Бимолдина, әлеуметтік педагог Г.Абсағиева.



**«Бүгінгі нашақор ертеңгі қылмыскер» дөңгелек стол 8-10 класс** «Бала құқығы, адам құқығы» республикалық онкүндігін өткізуі бойынша облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес жергілікті полиция бөлімінің басшысы, полиция капитаны Асанбаев Е.И., учаскелік полиция инспекторлары Байбол А.Ж., Даулетов О.М., аудандық аурухана дәрігері Шахманова Р.Ж., ішкі саясат бөлімінің бас маманы Халым П., «Нұр-Қорғалжын» аудандық газетінің редакторы Тажимова Б.С. қатысуымен 8-11 класс аралығында дөңгелек үстел өтті. Мамандармен жүздесу барысында оқушылар адам құқығы, бала құқығы, құқықты алаң, оқушының құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгеріп, осы тақырып төңірегінде презентация арқылы өз баяндамаларымен таныстырды. Мектеп психологтары Сулейменова А.Б., Байтурова А.Т. оқушылармен тақырыпқа сай тренингтар ұйымдастырды. Дөңгелек үстел барысында оқушылар белсенді қатысып, кездесу жақсы деңгейде өтті. Өткізген: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова, әлеуметтік педагог Г.Абсағиева.



21 қараша күні аудандық «Жыл оқушысы - 2022» байқауы 6-11 кластар аралығында өтті. 6-7 кластар аралығында ІІ орынға ие болған Қорғалжын мектеп гимназиясының 6 класс оқушысы Сембаева Айша. 8-9 кластар аралығында ІІІ орын иеленген Қорғалжын мектеп гимназиясының 9 класс оқушысы Даниярқызы Алуа, ІІ орын иеленген Қорғалжын мектеп гимназиясының 9 класс оқушысы Садыкова Жансая. Жетешілері: К.Дангилова, Г.Ахметова, А.Сулейменова.



1 желтоқсан – Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне орай адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі ЖИТС дертінің алдын - алу, оның жұғу жолдарын одан сақтана, қорғана білу туралы түсіндіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға насихаттау мақсатында мектептің медбикесі А.Бекенова, әлеуметтік педагог Г.Абсағиева, аға тәлімгер А.Бимолдинамен бірлесе отырып 9-10 класс оқушылары арасында «ЖИТС-сыз болашақ» атты дөңгелек үстел өткізді. Шара барысында медбикесі А.Бекенова оқушыларды жалпы ЖИТС-тің шығу тарихымен, оның жұғу жолдары және одан сақтану ережелерімен таныстырып, ЖИТС-тің адам өміріне келтіретін нұқсаны жайлы кеңінен хабардар етті.



"Қоқиқаз -2022" фестивалі өтті. Байқауға 14 оқушының жұмыстары тапсырылды, соның ішінен республикалық деңгейде Даниярқызы Алуа 1-орынды, облыстық деңгейде Мирахманова Жанель 1-орынды, Абдрашид Сабина 2-орынды, Қабыл Арайлым 3-орынды иеленді. Жетекшісі: технология пәнінің мұғалімі Б.Досымова.



Тәуелсіздік күніне орай "Желтоқсан жаңғырығы" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге мектебіміздің құрметті зейнеткер ұстазы Қайырбеков Жоламан Омарұлы қатысты. Оқушылар оқиғадан көрініс қойып, баяндамалар оқыды. Іс-шара соңында батырларымызды минуттық еске алу рәсімі өткізілді.

Іс-шараның мақсаты: Оқушыларға Отанымызды сүйуге, елімізді қастерлеуге баули отырып, туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту. Елін, жерін, тілін, тарихын құрметтейтін жаны таза, адамгершілігі мол азаматты қалыптастыру. Береке-бірлігіміз жараса берсін, тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Өткізген: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова, тарих пәнінің мұғалімдері Г.Ахметова, А.Абсағиева, мектеп психологі А.Сулейменова



Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының 1-11 кластар арасында "Тәуелсіз елім - Қазақстан" атты тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларды Отанды, елді, жерді сүйуге туған ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу. Өткізген: 1-11 класс жетекшілері.



8 класс оқушылары арасында пікірталас өткізілді. Балалар үшін бұл осындай пайымдаудағы алғашқы тәжірибе болды, пікірталас барысында сыни ойлау және дәлелдеу дағдылары қалыптасады. Жасына қарамастан, балалар мәселе мен ережелердің маңыздылығына жауапкершілікпен қарады. Қарсыласты құрметтеу бүкіл талқылау барысында орындалған маңызды критерий болды.



21-і күні 6 класс оқушыларымен "[«Кітаптар әлемінде»](#) атты жазушылармен жергілікті ақын- жазушылардың өмірімен танысу " «Абай» атты тәрбие сағаты өтті. Балалар

Абайдың өмірбаяны, шығармашылығы туралы сұрақтарға жауап беріп, Абайдың қарасөздерін жатқа оқып берді. Өткізген: класс жетекші К.Дангилова, мектеп кітапханашысы Г.Жалысова.



28 желтоқсан күні "Қош келдің, Жаңа жыл" атты жаңа жыл мерекесіне орай 0-4 кластар арасында мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара мектебіміздің директоры Н. Тәжиннің құттықтау сөзімен жалғасты. Жаңа жыл мерекесін балалар қуанышпен қарсы алып, өз өнерлерімен көпшілікті тәнті етті. Қойылым қойылып, түрлі ойындар жүргізілді. Балаларға тәтті сыйлықтар таратылды. Ұйымдастырушылар: мектеп директорының тәрбие ісі-жөніндегі орынбасыры Г.Ашимова, Г.Абсағиева, А.Рыспаева, Т.Тажина және мектеп-гимназиясының жас ұстаздары.



28-і күні жасөспірім ұл-қыздар арасында Қорғалжын балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің аудандық ашық турнирі өткізілді. Мектебімізден 8 «а» класс оқушысы Карибаев Темірлан және 9 «а» класының оқушысы Даниярқызы Алуа қатысып, жүлделі І-орынды иеленді. Жетекшісі: денешынықтыру пәнінің мұғалімі Д.Мусин.




«Болашақ жастары» дебат клубы 9-11 кластар арасында " [Компьютер қаламды алмастыра алама?](#) " атты тақырыбында мектепшілік турнирін өткізді. Ойын өте танымды және қызықты болды. Командалар өз көзқарастарын қорғады. Мәселені әртүрлі жағынан қарастырды. Ұйымдастырушы: дебат клубының жетекшісі Г.Абсағиева



Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына орай Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының 5-6 класс оқушылары Қорғалжын аудандық Орталық кітапханасына барды. Оқушыларға тақырыпқа сай кітапханашы Г.Оспанова әңгіме жүргізді. Сондай-ақ оқушылар балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығымен таныстырылды. Үйірме жетекшісі Ж.Оразов. Ұйымдастырған мектеп кітапханашылары : Г.Жалысова, У.Оралбаева.



«**Ислам діні және терроризм**» тақырыбында онлайн форматта мектепішілік жиналысы өтті. Ұйымдастырған: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова.



«**Жарасымды қарым - қатынас**» атты әңгіме сағатын өткізу » тақырыбы бойынша полиция лейтенанты, жасөспірімдер инспекторы А. Саден және учаскелік инспекторы, полиция лейтенанты А.Байболовтың қатысуымен 7-11 класс ұлдарының арасында дөңгелек үстел өткізілді. Әлеуметтік педагог Г.Абсағиева, мектеп психологі А.Сулейменова және 8,9,10 класс оқушылары осы тақырыпта баяндамаларын презентация арқылы ұсынып, ақпараттармен бөлісті. Дөңгелек үстел өз деңгейінде жақсы өтті.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында мектепішілік ата-аналар комитеті жиналысы өткізілді. Жиынға 1-11 кластардың ата-аналар комитеті, мектеп директоры, , директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Тусупова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова, мектеп психологы А.Байтурова, Қорғалжын аудандық ПБ-нің ЖПҚБ бастығы полиция капитаны Е.И.Асанбаев, Қорғалжын аудандық ауруханасының бас педиатры, жоғары категориялы дәрігер М.Шардарбекова, төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау майоры Н.Әбдіраев қатысты.

Жиналысты бастамас бұрын мектебіміздің басшысы Н.Тәжин жиналысқа қатысушы ата-аналарды оқу жылындағы өзгерістермен, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Тусупова оқу жылында болып жатқан өзгерістермен, әр класс оқушыларының үлгерімін және алтын белгі, қызыл аттестат үміткерлерін айтты. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова мектептің ішкі тәртіп ережесі, мектеп формасы жөнінде айта кетіп, ата-аналардың бірнеше сұрақтарына жауап берді. Мектеп психологы А.Байтурова және Қорғалжын аудандық ауруханасының бас педиатры, жоғары категориялы дәрігер М.Шардарбекова «Салауатты ұрпақ – біздің болашағымыз» атты баяндама жасады.

Қорғалжын аудандық ПБ-нің ЖПҚБ бастығы полиция капитаны Е.И.Асанбаев жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын – алу, қоғамда кездесіп отырған балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатігездік, бала құқығы туралы баса айта кетті. Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау майоры Н.Әбдіраев қыс, көктем мезгілдеріндегі қауіпсіздік ережесі және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы баяндады. Сонымен қатар ата-аналардың қойылған әртүрлі сұрақтарына жауап беріліп, мектеп директоры жиналысқа қатысқан класс жетекшілер мен ата-аналарға алғысын білдірді.



Қорғалжын ауылының Балалар- жасөспірімдер шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың "Ақ шағала" атты байқауының аудандық кезеңі өтті. Байқауға аудан бойынша 5 мектептің би ұжымдары қатысты.

Байқаудың мақсаты: білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Байқау ережесіне сай екі номинация бойынша өткізіліп, өз мәресіне жетті. Нәтижесінде: жүлделі I - орынды иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алған Қорғалжын ауылының МГ- "Інжу" би тобы. II орын иегерлері: А.Төлеубаев ат. ЖОББМ-нің "Қазына" би тобы; III Орын иегерлері: Жантеке ауылының "Аделя" би тобы. Ш. Уалиханов атындағы ЖОББМ және Үшсарт НОМ би ұжымдарына сертификат берілді. Байқауға қатысқан мектептерге алғыс айта отырып, ҚМГ би ұжымына облыстық кезеңде сәттілік тілейміз. Барлық жүлделі орындарға ие болған қатысушылар дипломдармен марапатталды.



3 "а" класс оқушыларымен COWORKING орталығында "Ертегілер әлемінде" атты тәрбие сағаты өтті. Оқушылардың қатысуымен "Мақта қыз бен мысық", "Шалқан" және "Бауырсақ" ертегілері көрсетілді. Оқушылар ертегі кейіпкерлердің рөлдерін керемет

ойнап, класс сағаты қызықты өтті. Өткізген: мектеп кітапханашысы Г. Жалы сова, 3 "а" класс жетекшісі А.Б. Рыспаева және тәжірибеден өтуші Г. Айкишева.



Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір - бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге үйрету. Заманымыздың батырларын тани білуге баулу мақсатында «Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында» 1 наурыз Алғыс айту күніне орай 7 кластар арасында «Біздің заманымыздың батырлары» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Қазіргі заман батыры – қарапайым адам. Жаңалықтардан, газет-журналдардан адамдарды өрттен, судан құтқарып қалғандарды батыр дей аламыз. Атырауда қызды құтқарам деп суға батып кеткен патрульдік полиция сержанты Шалқар Ақымғалиевтің өшпес ерлігі бәрімізге мәлім. Міне, Шалқар Ақымғалиев қазіргі қазақ батырларының бейнесі десем болады. Қай-қай батыр болсын Отан үшін қаза болады. «Ақынның хаты өлмейді, батырдың аты өлмейді» демекші, олардың есімдері мәңгі жадымызда қалсын! Сабақта түрлі технологиялар, әдіс-тәсілдер, жеке, топтық тапсырмалар орындалып, сахналау, флипчартпен жоспарланған барлық жұмыс орындалды. Қонақтарымыз бен оқушылар көңіл күйлері, сезімдерін көрсете алды. Тәрбие сағатына аудандық ішкі саясат және тілдер дамыту бөлімінің бас маманы Халым Пәния, аудандық білім бөлімінің әдіскері Турсынова Асем Алдабергенқызы және ұжымымыздың мұғалімдері тамашалап, алғыстарын, тілек-ниеттерін білдірді. Өткізген: информатика пәні мұғалімі 7 «А» класс жетекшісі Сураганова Гульнур Муканмидяровна мен ағылшын тілі пәні мұғалімі 7 «В» класс жетекшісі Сураева Ирина Петровна.



7 наурыз күні 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай мерекелік сап түзеу өткізілді. Оқушылар барша ұстаздар қауымын құттықтап, алғыстарын білдірді. Өз өнерлерін көрсетіп, іс-шара соңында ұстаздарға құттықтау хаттары таратылды. Оқушылар ұстаздарға мерекелік көңіл күй сыйлап, игі тілектерін жеткізді.



"Ең әдемі киім - ұлттық киім" атты челлендж басталды. Ұлттық киімдеріміз сыртқы сымбатымен, көз тартарлық әсемдігімен, терең дүниетанымды білдіретін ою-өрнегімен халқымыздың эстетикасын, философиясын, бай мәдени мұрасын паш етеді. Челленджіміздің мақсаты: ұлттық құндылықтарды насихаттау, рухани мұрамыз-ұлттық киімдерімізді дәріптеп, өскелең ұрпаққа сән-салтанатымен, мән-мағынасымен түсіндіріп жеткізу.



5-11 кластар арасында «Әз Наурыз – жаңару мен жаңғыртудың бастауы» атты Наурыз мейрамына арналған іс-шара өткізілді. Іс-шара директордың ғылыми әдістемелік жөніндегі орынбасары Б.Жусупова және директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Г.Тусупованың құттықтауымен басталды. Оқушылар бар өнерлерін салып, күмбірлеген күй төгіліп, мың бұралған бишілердің өнері көрермендерді тәнті етті. Шашу шашылып, ұлттық ойындардан үзінді көрсетілді. Бәрінен де көрермен көңілінен шыққаны ұл балалар және қыз балалар арасында "Арқан тартыс", «Күш сынасу» ойындары болды. Іс-шара соңында әр класқа мадақтама қағаздары таратылды. Ұйымдастырған: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова және мектеп психологы А.Сулейменова.



Аудандық Әз-Наурыз мейрамы аталып өтті. Аудан орталығы Ә.Шабатов алаңында ақ отау киіз үйлер қатар-қатар тізіле тігілді. Іс-шараға Қорғалжын ауылының мектеп-гимназия ұжымы қатысты. Наурыз көже, бауырсақ пен ши бауырсақ таратылды. Наурыздан Наурызға аман-есен жете берейік! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Аудандық мерекелік іс-шараға белсенді атсалысқаны үшін Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының директоры Н.Тәжин ұстаздар мен қызметкерлер ұжымына, мектеп әкімшілігіне өз алғысын білдірді.





Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында "Парктер шеруі - 2023" акциясының жоспарына сәйкес мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен "Туған жердің табиғаты" атты мектепшілік байқау өтті. Байқау ережелеріне сәйкес 4-8 класс оқушылары табиғат тақырыбында жазылған аңыз, тақпақтардан құралған шығармашылық кітап шығару керек болған. Байқау қорытындысы бойынша оқушылар жүлделі 1,2,3 орындармен және белсенді қатысқаны үшін мадақтамаларымен марапатталды. Мектеп кітапханашылары: Г.Жалысова, У.Оралбаева.



Қорғалжын аудандық кітапханасында Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының әкімшілігінің ұйымдастыруымен "Махамбет оқулары" байқауының аудандық кезеңі өткізілді. "Махамбет оқуларына" аудан бойынша 11 мектептен 20 оқушы қатысты. "Махамбет оқулары" барлығы 3 номинация бойынша ұйымдастырылды. Байқау ережесінің талаптарына сай әр номинация бойынша 1 жеңімпаз анықталып, облыстық кезеңге жолдама берілді. Байқау талабына сай "Махамбет оқулары" аудандық байқауының қорытындысына сәйкес, 1-ші номинация бойынша жүлделі І-орынды Ш.Уалиханов атындағы ЖОББМ оқушысы Болат Зере иеленсе, ІІ-орынды Қорғалжын ауылы мектеп гимназиясының 9 класс оқушысы Нұрлан Бақыт иеленді, 2-ші номинация бойынша Шалқар ЖОББМ оқушысы Серік Азат жүлделі І-орынды иеленді. 3-ші номинация бойынша Ш.Уалиханов атындағы ЖОББМ оқушысы Болат Айым 1-орынға лайық деп танылды. "Махамбет оқуларының" жеңімпаздары облыстық кезеңде де жақсы көрсеткіштер көрсетеді деген сенімдеміз.



5-9 класс оқушылары арасында "Алғашқы қазақ ғарышкерлері атты тәрбие сағатын өткізу" тақырыбында диспут өткізілді. Ұйымдастырған: тарих пәнінің мұғалімдері Г.Ахметова, А.Абсағиева.



1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай Қорғалжын ауданының «Даурен» орталық стадионныңда салтанатты іс-шара өткізілді.

Іс-шараға мектеп ұжымы және 5-11 класс оқушылары қатысты.



Ұлы Жеңіс күніне орай 5 мамыр күні 1-11 кластар арасында "Ұлы Жеңіс жаңғырығы" атты тәрбие сағаттары өткізілді. Ұйымдастырған: 1-11 класс жетекшілері.



Балалар жылы аясында I жартыжылдық қорытындысы бойынша мектебімізде 1-4 кластар арасында "Жас Қыран", 9-11 кластар арасында "Жас ұлан" бірыңғай жасөспірімдер мен балалар ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті.Туымыз түстес галстуктарды тағуға мектеп әкімшілігі, ұстаздар, ұланбасы Мирахманова Жанель мен "Жас ұлан" ұйымының белсенді мүшелері атсалысты."Жас ұландықтар" және "Жас қырандықтар" болашақта еліміздің абыройын асқақтатар, еліне елеулі азаматтар болуларыңа тілектеспіз!



«Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылық пен қылмысты болдырмау» тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысты бастамас бұрын мектебіміздің басшысы Н.Тәжин жиналысқа қатысушы ата-аналарды күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Ата-аналар жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтары бойынша «Мектептегі психологиялық қауіпсіздік» тақырыбында мектеп психологы Байтурова Айсулу Төлеутаевна, «Профилактические мероприятия буллинга и кибербуллинга в школе» тақырыбында әлеуметтік педагог Абсагиева Галия Кабиденовна, «Жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің, суицидтің құқық бұзушылықтың, қылмыстық істің, заң бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында аудандық білім бөлімінің тәрбие әдіскері Тұрсынова Асем Алдабергенқызы, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылық болған жағдайда қолданылатын жазалар туралы аудандық ПБ-нің жасөспірімдер жөніндегі инспекторы Саден Айтолқын Төлеутайқызы қатысып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп директоры жиналысқа қатысқан класс жетекшілер мен ата-аналарға алғысын білдірді.



"Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясы" КММ аясында 9-11 класстар арасында Республикалық «Жасыл мекен» челленджі өткізілді. «Жасыл мекен» челленджі оқушылардың бойында табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруға, қоршаған ортаны құрметтеуге, адал еңбекті бағалауды дәріптейді. Челленджге мектеп әкімшілігі, класс жетекшілер және Қорғалжын ауылдық округінің әкімі Б.Байкадамов қатысып, өз үлестерін қосты.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында СЕНБІЛІК ұйымдастырылды. Сенбілікке 5-10 класс оқушылары және мектеп ұжымы қатысты. Барлығымыз бір адамдай ат салыстық!!!

Сенбілік - бұл көркем әлемде өмір сүруге деген ықыласты көрсетудің, көктемгі күнде ашық аспан астында бейресми жағдайда қарым-қатынас жасаудың тамаша тәсілі - адамда да, оның айналасында да тәртіп болу керек.



Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Ашимова және әлеуметтік педагог Г.Абсагиеваның ұйымдастыруымен Қорғалжын аудандық ПБ-нің ЖПҚБ бастығы полиция капитаны Е.И.Асанбаев, аудандық ПБ-нің жасөспірімдер жөніндегі инспекторы Саден Айтолқын Төлеутайқызы шақырылып, Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының оқушыларының арасында жоспарға сай жазғы демалыс уақытының алдында қауіпсіздік және жол тәртібі ережелерімен таныстырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



31 мамыр күні Қорғалжын мектеп-гимназиясында аудандық полиция бөлімшесінің жасөспірімдер инспекторы Саден А.Т. қатысуымен «Күмәнді діни оқу орындарында білім алудың алдын алуы», "Құқықбұзушылықтың алдын алуы, "Судағы тәртіп ережелері", "Түнгі уақытта жүру" тақырыптарында ата-аналар комитеті мүшелерімен және жоғарғы сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



31 мамыр күні Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының 1-11 класс оқушылары арасында «Қуғын — сүргін құрбандары» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың шығармашылықпен іздену арқылы олардың философиялық ойлау қабілетін жетілдіру, өз ойларын жеткізудегі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, отаншылдық сезімін арттыра отырып, қиындыққа төзе біліп, болашаққа деген сенімдерін жоғалтпауға тәрбиелеу. Өткізген: 1-11 класс жетекшілері.



Мемлекет және қоғам қайраткері Әділхан Шабатовтың 90 жылдығына арналған дәстүрлі “Жігер-2023” оқушылар спартакиадасы өз мәресіне жетті. Спартакиадаға 13 мектептің 500-ден артық оқушы қатысып, финалға 200 оқушы өтті. Спорттың 7 түрінен сынға түскен осынау спартакиадада мектебіміз жалпыкомандалық Жұлделі “II ОРЫНДЫ” иеленді. Жұлде қоры 300 мың.



Аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің ұйымдастыруымен "Жас құтқарушылар -2023" аудан мектептері арасында өткен жарыста Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы жұлделі I орынды иеленді. Оқушыларымыз облыстық кезеңге жолдама алды



Целиноград ауданы Оразақ ауылында Ақмола облысының жалпы білім беру мектептерінің 7-8 сынып оқушылары арасында (2008-2010 жылы туылған) футбол ойыны бойынша аумақтық жарыс өтті. Жарысқа Целиноград, Қорғалжын, Астрахан аудандарынан құрылған командалар қатысты. Осы жарысқа білім бөлімінің әдіскері О.Мусай мен Қорғалжын мектеп гимназиясының дене тәрбиесі мұғалімдері М.Жакенов, Д.Сайлаубек Қорғалжын мектеп гимназиясының оқушыларын апарып қатыстырады. Жарыс өте тартысты өтті. Нәтежесінде футбол ойынынан Қорғалжын оқушылар құрама командасы 2-орынды иеленіп, Зеренді ауданында 5-9 маусым күндері аралығында футбол ойынынан өтетін облыстық жарысқа жолдама алды. Әрқашанда осындай спорттық ойындарымызды дәріптеп, оның жоғары деңгейге көтерілуіне ат салысайық.



Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының оқушылары республикалық "Кречетка и ее соседи" атты шеберлік сабағына қатысты.

Мақсаты: үй құстары туралы түсінік беру (тауық, үйрек, қаз) олар қалай көрінеді, сөйлеседі, не жейді, қандай пайда әкеледі, ересек құстар мен балапандардың айырмашылығы неде. Үй құстарына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Жетекшісі: география пәнінің мұғалімі Г.Сарқытбаева.



1 маусым күні Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясының «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты жылдағы үрдіспен салтанатты жиын болып өтті. Жиынға Қорғалжын ауданының әкімі Жанбаев Берік Амантайұлы және Білім бөлімінің басшысы Омарова Сауле Қуанышқызы қатысты. Мектебіміздің директоры Тәжин Нұрлан Есіркепұлы түлектерді құттықтап, сәт сапар тілей отыра, жылы лебізін білдірді. Мереке жалғасы мектеп бітіруші түлектердің ұстаздарына арнап шығарған арнау өлең, ән – жырларымен мереке сәнін кіргізді. Мектеп бітіруші түлектерге балғын жас шыбықтар, 1 - класс оқушылары сәт сапар тілеп, өлеңдерін оқыды. Мереке соңына қарай ата – аналар сөз кезегін алып ұстаздарға ізгі тілектерін, ризашылықтарын білдірді. Соңғы қоңырау соғу рәсімі 11- класс оқушысы Амангелді Сандуғашқа және 1- класс оқушысы Иманов Альмансурға берілді. Осынау білім ордасын 45 жыл бұрын бітірген түлектері де бүгінгі «Соңғы қоңырау» кешіне қатысып, мектеп ұжымына деген алғыстарын жеткізді.



5 маусым күні Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында «Балдәурен» мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерінің алғашқы маусымының ашылу салтанаты өтті. Лагерь ашылуында ертегі кейіпкерлері келіп балалармен қызықты ойындар өткізді. Балалар топқа бөлініп, өздерінің топтарымен танысып, ұрандары айтылды. Балаларға «тәтті үстел» ұйымдастырылып, түрлі ойындар ойналып, әндер шырқалды. Бүгінгі туған күн иелеріне шағын сыйлықтар берілді. Ашылудан соң ертенгі күнге әр топқа

тапсырмалар берілді. Балалар өте жақсы әсер алып, ертеңгі күнді үлкен ынтымақтастықпен асыға күтуде.



Мектеп ісі нәтижелі мақсатқа құрылған тәртіппен жұмыс атқарғанда ұлтжанды, іскер, жігерлі тұлға қалыптасады. Ендеше біздің ұжымдағы ұстаз қауымының үздіксіз білім мен тәрбие берудегі шығармашылық табысқа жетудегі алар биіктері мол болмақ деп сөзімді аяқтағым келеді.

- Жас жеткіншектердің өмірге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, патриот, қайырымды, адамгершіл, еңбекқор болуға тәрбиелеу.
- Класс жетекшілердің мәдени қабілетін, психологиялық, педагогикалық шеберлігін көтеру
- Оқушылардан өзіндік пікірі қалыптасқан, жан-жақты, жеке тұлға қалыптастыру.

### **Қамқоршылық кеңесінің жылдық қорытынды есебі**

Қамқоршылық кеңестің қызметі 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" № Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес анықталды, сондай-ақ Қамқоршылық кеңес қызметінің құқықтық негізі « Қорғалжын ауыл мектеп-гимназиясының» КММ Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру туралы ереже болып табылады. Қағидаларын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 02.04.2020

Қамқоршылық кеңестің құрамына кәсіпкерлердің, қоғам қайраткерлерінің өкілдері, оқушылардың заңды өкілдері кіреді. Қамқоршылық кеңес қызметінің қағида-тәртіптері еріктілік, тең құқықтылық, алқалылық және жариялылық. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз функцияларын орындауы тек өтеусіз негізде жүзеге асырылды. Қамқоршылық кеңес қызметінің негізгі мақсаты мектепке оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға жәрдемдесу болып табылады. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға, денсаулықты қорғауға, білім алушылардың қабілеттері мен дарындарын дамытуға, оқу, Еңбек және демалыс үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған еңбек ұжымының, білім алушылардың заңды өкілдерінің күш-жігерін біріктіру.

2022-2023 оқу жылында Қамқоршылық кеңестің 3 отырысы өткізілді.

Бірінші отырыста қаралған маңызды мәселелердің бірі мектептің жұмыс тәртібі мәселесі болды. Тәрбие жұмысын және қосымша сабақтарды ұйымдастыру үшін босатты. Үлгілік оқу жоспарларын, 1 жартыжылдыққа арналған сабақ кестесін келісу жүргізілді. Сондай-ақ, бірінші отырыс аясында мектеп жұмысына қатысты жекелеген жергілікті актілер келісілді.

2022-2023 оқу жылында Қамқоршылық кеңес білім беру мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді, бұл аналитикалық анықтамада көрініс тапты. Қамқоршылық кеңес отырыстарының бірі дәстүрлі емес түрде өтті-"Мамандық таңдау кезінде қалаймын, аламын, керек"Ток-шоуы өтті. Бұл форма шоуының барлық қатысушыларына ұнады.

2022-2023 оқу жылында «Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан» 189 оқушы тегін ыстық тамақпен және 189 оқушы ақшалай сертификатқа қамтамасыз етілді. Биылғы оқу жылында Жуалы аудан активтері мен аудан белсенді азаматтарының көмектерінің арқасында 5 оқушы мектеп формасымен қамтылды. Сонымен қатар демеушілердің қолдауымен 47 оқушыға мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтылды.

Сәуір айында қамқорлық кеңес « Жаз-2023» мектеп аланындағы жазғы демалыс ұйымдастырулы туралы кеңес өткізді. Мамыр айында

2022-2023 оқу жылының қорытынды есебі ретінде мектебімізде жыл бойы қалалық, облыстық, республикалық сайыстар мен олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған оқушыларды марапаттауға арналған "Жұлдыздар шеруі-2023" атты салтанатты жиын өтті. Жалпы саны 55 оқушы алғыс хаттар мен арнайы сыйлыққа ие болды.

Мамыр айында екінші отырыстары болды, онда 7-9 мамыр мерекелерін өткізуге көмек бергендері жайлы айтты. Олар мерекелік дастархан жайып, ескерткішке қоятын гүл шоғын алып, сыйлықтар алды. Ауылымыздың тыл ардагер апасына өз көмектерін беріп, сыйлық табыстады.